

ОТЧЕТНЫЕ ВСТРЕЧИ

Завершающие встречи прошли в Первомайском, Николаевском, Есильском и Узункольском сельских округах.

С отчетными докладами для населения выступили акимы вышеперечисленных сельских округов. Также жителям были озвучены планы выполнения поставленных задач на следующий квартал 2023 года.



С отчетным докладом о проведенных работах и мероприятиях, а также о планах на предстоящий квартал выступил аким Астраханского района Н. Сеилов.

По окончании доклада, были даны ответы на все интересующие вопросы от населения. Так в селе Каменка, Н. Царецкая задала вопрос о качестве интернета. На этот вопрос были даны

ВЫПОЛНЕНИЕ ПОСТАВЛЕННЫХ ЗАДАЧ

На прошлой неделе завершились отчетные, ежеквартальные встречи акима Астраханского района Н. Сеилова с жителями сельских округов.

пояснения руководителем ЛТЦ В. Галиновым.

Т. Шабалина выразила от жителей села благодарность акиму сельского округа, за оказанную помощь в уборке и облагораживании кладбища. П. Райковская подняла вопрос немаловажный

данного моста.

Затронули вопрос о ремонте ФАП в селе Камышенка и больницы в селе Первомайка. Также людей беспокоит вопрос о подъездных дорогах к поселкам, уличном освещении и водоснабжении сел. На все эти вопросы были даны



для сельчан - это бродячий без присмотра по селу скот. Этот вопрос будет решаться на собрании в местном сообществе, так сказать, своими силами.

В селе Первомайка жителями был поднят вопрос об обновлении моста через реку Ишим. На месте было дано разъяснение, что из-за нехватки средств можно провести только текущий ремонт

ответы и соответствующие поручения для решения поступающих вопросов.

В каждом селе был заслушан доклад начальника РОП Д. Жапарова о бытовом насилии и о принимаемых мерах.

Также была дана предупреждающая информация об интернет-мошенниках.

Ирина ГОРБАТЕНКО.

ТРУДОУСТРОЙСТВО

23 августа в здании ДК села Астраханка прошла ярмарка вакансий. По проведению ярмарки востребованы такие вакансии: повара, помощники поваров, слесари, сварщики, продавцы, кочегар, посудомойка, водители, делопроизводители и многие другие.

В Астраханский районный суд требуется специалист (канцелярия). В аппарат акимата требуется секретарь. В ТД «Сара» и ИП Рислинг требуются продавцы и помощники продавцов. В ТОО «Достык-06» требуются повар, водитель, сварщик, продавец, пекарь. В Астраханскую ЦРБ требуются фельдшер, акушерки, врачи: онколог, маммолог, гинеколог, УЗИ, уролог. В ТОО «Бетеге-У» требуется сварщик, разнорабочие, сушильные мастера.

В КГУ ООШ с.Старый Колутон и Камышенка требуются учителя музыки, русского языка, казахско-

го языка, истории, библиотекарь, воспитатели, психолог медицинский работник дворник.

ГКП на ПХВ «Комхоз» требуются контролеры, слесарь котельных установок.

Соб. инф.



ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСА

2023 жылдың 1 тамызы мен 30 қыркүйегі аралығында Қазақстанда «Жақсылық жаса» ұранымен «Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясы өтуде.

Облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес, ағымдағы жылдың 17 тамызында Астрахан ауылының орталық алаңында Астана қаласы, Астрахан және Жалтыр ауылдарының бизнес өкілдерін тарта отырып, мектеп жәрмеңкесі өтті. Іс-шараның мақсаты-балаларды мектепке дайындауда халыққа көмек көрсету және қолдау көрсету. Жәрмеңкеде тауарлар ұсынылды: мектеп киімдері мен аяқ киімдері, кеңсе және басқа да тауарлар қолайлы бағамен. Жәрмеңке өткізілген бір күнде 960 мың теңгеден астам тауар сатылды.

Бұл іс-шара алғаш рет өтуде, бірақ «мектеп жәрмеңкесі» біздің ауданда жыл сайынғы дәстүрге айналады деп үміттенеміз.

Өз ақпаратымыз.



ВСТРЕЧАЕМ ПЕРВЫЙ ХЛЕБ НОВОГО УРОЖАЯ

УРОЖАЙ - 2023

Каждый год к приему первого каравана с хлебом на «Бетеге-У» готовятся как к празднику.

Аплудисментами приветствовали въезжающие на территорию КамАЗы с прицепами. По сложившейся в коллективе ТОО «Бетеге-У» традиции, хлеб нового урожая встречали пышным караваем, который преподнесли Е. В. Кошечеву.

Также одними из первых на элеватор «Бетеге-У» пришли КамАЗы из КХ Муканов Астраханского района, ТОО «Абол-Астык», КХ «Ержан», ТОО «Нурислам 2011» Егиндыкольского района и ТОО «Журавлевка-1» Буландинского района. Как отметил руководитель предприятия С. Коломоец, проделана очень большая работа, как по фумигации территории, так и по ремонту складов, оборудования, приобретению горючего и топлива для сушильных печей. Надо отметить, что предприятие к приему зерна нового урожая подготовилось на все сто процентов.

Соб. инф.



Біздің осындай халықтық қасиетті мұрамыз, ана тіліміз – қазақ тілі. Тілді өркендету – баршаның ісі. Тіл қарым-қатынас құралы ғана емес, ұлтымыздың биік тұғыры да. Президенттің жыл сайынғы халыққа Жолдауында да мемлекеттік тілді жан-жақты дамытуды басты назарда ұстап келеді. Қоғамда қазақ тілінің мемлекеттік дәрежесін нығайту еліміздің саясатының басты басымдығы болып қала бермек.

Мемлекеттік тіл саясаты өз жұмысын толықтай атқарып отырғаны белгілі. Себебі өткізілген басқосулар, келісті кездесулер көп-ақ. Алайда тіл мерейінің артып, қолданыс аясының кеңеюі тақырыбына келгенде жұртшылықтың пікірі екіге жарылады. Бірі – тәуелсіздік алғалы төл тіліміз мемлекеттік мәртебеге ие болып қолданыс өрісі кеңейді. Өнер, әдебиет, мәдениет, баспасөз, теледидарымыз тоқсаныншы жылдармен салыстырғанда «қазақша сайрап тұр» деген ойды қостайды. Біз замандастарымызбен тәуелсіз елдің ұрпағымыз. Сондықтан ол жылдардағы қазақ тілі жайы үлкендерден естігеніміз болмаса, арғы жағы беймәлім.

Өткенге көз жүгіртсек, қазақ халқының басында талай қиын нәубет, зұлматтың, қайғылы күндердің болғаны тарихтан белгілі. Еліміз жетпіс жылдай Кеңес Одағының қарамағында болды. Ата-әжеміз өздері қалағандықтан емес, тәртіп бойынша орыс тілін ұлықтап өскен. Сол кездегі саясат қазақ халқын өзінің тілін, ділін, тіпті салт-дәстүрін ұмытардай халге жеткізген. Дегенмен, «сабақты ине сәтімен» дегендей, еліміз 32 жыл бұрын сан ғасыр аңсаған тәуелсіздікке қол жеткізді. Сондай ауыр сәттерде, сын

ТІЛ ТАҚЫРЫБЫ ТҮЙТКІЛГЕ АЙНАЛМАУЫ ТИІС

Тіл – мемлекеттің тұғырлы тірегі, халықтың рухани байлығы, өткені мен болашағының айқын көрінісі. Ана тілінің қадір-қасиетін білген халқымыз оны ұлттың рухына, қазына байлығына балайды. Себебі, тіл – халықтың жаны, сәні, тұтастай кескін-келбеті, ұлттық болмысы. Адамды мұратқа жеткізетін – ана тілі мен ата дәстүрі.



сағаттарда атамекен қонысын тастап босқан халықтың өзімен бірге алып жүрген байлығы – ана сүтімен санасына дарыған ана тілі ғана. Ұлтымыздың ұлы перзенті Мағжан Жұмабаевтың бұл жөнінде:

«Жауыз тағдыр жойды бәрін не бардың... Алтын күннен бағасыз бір белгі боп, Нұрлы жұлдыз, бабам тілі, сен қалдың!» деп жырлайды. Сан уақыттың сұрлеруінен өткен тіліміз енді құлашын кеңге жайып кемелденуі керек. Алайда, қанша жылдан бері атқарушы билігіміз тіл туралы саясатты жүзеге асырып келе жатса да, қазақ тілінің дамуы әлі де болса кешеуілдеп келеді.

Қазіргі қоғам басқа тілді үйренуге еш шек қоймайды. Себебі әлемдік өркениетке қадам басу үшін қазақ тілімен қатар орыс және ағылшын тілдерін де жетік білуді талап етуде. Жас ұрпақтың білім ордаларында осыған орай шет тілін меңгеру үшін білім алып жатқаны да қуантады. Әрине, әлемдік даму үрдістерінен кейін қалып қоюға болмайды. Алайда ұлт тілі ердайым жүрегіңде, тіліңде, ділінде, қаныңда болуы тиіс. Онсыз «ұлтыма жанашырмын, елдің атын шығарамын» деу бос сөз.

Егемденімізді алғаннан кейін мәдениетімізге, әде-биетімізге, салт-дәстүрімізге, тілімізге айрықша мән беретін

күн туды. Саяси шектеуі жоқ, еркін елміз. Отанға деген құрмет пен сүйіспеншілік – ана тілден бастау алады. Қазіргі өмірде елімізде қазақ тілінің қолдану аясын кеңейтуге де, мемлекеттік тілді дамыта түсуге ешқандай кедергі жоқ. Азаматтардың құқықтары мен заңнамалық негізі бар. Кез келген тілді меңгеру мәселесіндегі басты шарт – адамның өзінің ішкі ой-ниеті мен қажеттілігі. Жетпей тұрғаны – адамдардың ықыласының аздығы. Осы ықыласты оятып, қазақ тілін қоғамдағы бірінші қажеттілікке айналдыру керек.

Қазір еліміздегі қай қалада болсын көшелер жарнамадан көз ашпайды. Үлкен кермелерде көздің жауын алған жарнамаларды ілушілер нені насихаттаса да, зиян көрмейтіні анық. Халық көп жүретін ортада жасалған жарнама нәтижесін сол затты немесе қызметті тұтынушылар мен пайдаланушылар санының артқанынан білуге болады. Көгер көздің назарын өзіне аударатын сансыз жарнамаларда екі тілде жазылатын нұсқалары да баршылық. Солардың арасында оңды-солды аударудың салдарынан жұрттың қылжағына айналған сөздер көбейіп, кейде өз сөзімізді өзіміз түсінбей жататын жағдайға жеттік. Мүлдем түсініксіз, кейде тіпті қисынға келмейтін аудармаларды

өздеріңіз де кездестіріп жүрген шығарсыздар. Терминологиялық электрондық қор жасау жөніндегі әңгіме де шешімін таппады. Әлі күнге дейін осындай қордың болмауынан бір терминнің алты рет қабылданған кезі де болыпты.

Қазақ тілі – өте бай тіл. Ол шаруашылықтың бар саласын өркендете түсуге себепші күш, халқымыздың мәдени дәрежесін көтере беруші пәрменді құрал, жұртшылықты жаппай отаншылдық рухта тәрбиелеудің құралы, қуатты қаруы. Ана тілі – ар өлшемі. Олай болса, тілді шұбарлау – арды шұбарлау, көңіл тұнығын лайлау. Ұлт мәдениеттің гүлденуі мен адамдардың тарихи қалыптасқан тұрақты қауымдастығы ретінде ұлттың өзінің болашағы ана тілдің дамуына, оның қоғамдық қызметінің кеңеюімен тығыз байланысты.

Тіл байлығы — әрбір ұлттың мақтанышы. Әр азамат өзінің ана тілін, көзінің қарашығындай қарауы және ана тілінің орынсыз шұбарлануына қарсы тұруға тиісті.

Билік басына келген депутаттар арасында да мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру мәселесі қайта-қайта айтылуда. Арнайы заң қабылдауға құлшыныс көп. Жақсы, заң қабылданды делік. Соның өзінде ұлт тілі ұмытылмасын десек, сол заңның тиісті деңгейде орындалуына күш салынуы тиіс. Кешенді бағдарлама әзірленсе де қос қолдап құлтар едік. Себебі туған тіліміз егемен ел бола тұра түйткілді мәселеге айналмауы тиіс. Ұлт тілінің ғұмыры ұзақ болсын десек, тіл тағдырына алаңдап, оны ұлықтауды өзімізден бастайық.

Ардақ СҮЛЕЙМЕНОВА.

С 3 по 12 августа мне была предоставлена возможность побывать в летнем оздоровительном лагере «Сункар» в Зеренде.

Пребывание в лагере оказалось незабываемым и принесло мне не только развлечения, но и яркие впечатления, интересные уроки общения.

Я была впечатлена организованностью и превосходным уровнем обслуживания, которые были предложены в лагере. Благодаря разнообразию проводимых мероприятий, я освоила новые навыки и укрепила свою способность работать в команде. Кроме того, в лагере я встретила замечательных людей, с которыми у меня останется огромное количество приятных воспоминаний и совместных фото.

Хочу особо отметить великолепную работу вожатых и педагогов в лагере. Они были не только грамотными и профессиональными, но и заботливыми руководителями, поддерживающими и воодушевляющими нас на протяжении

ЛЕТО ПРОВЕЛИ С ПОЛЬЗОЙ



всего пребывания.

Выражаю искреннюю благодарность и признательность ГУ «Отдел образования по Астраханскому району Управления образования Акмолинской области» за эту прекрасную возможность побывать в лагере.

Эта поездка останется в моем сердце и памяти на всю жизнь. Я считаю, что посещение подобных оздоровительных лагерей существенно способствуют развитию учащихся и молодежи, и закладывают основы для нашего будущего успеха, для развития и процветания нашей страны в целом.

С искренней благодарностью Чумакова Кристина, ученица 9 б класса КГУ «Общеобразовательная школа № 3 села Жалтыр».

КӨРНЕКІ ЖАРНАМА ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Мемлекеттік тілді белгілерде, баға белгілерінде және жарнамада сауатты пайдалану міндетті болады. Мәжілісте "ҚР кейбір заңнамалық актілеріне көрнекі ақпарат мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" заң жобасы мақұлданды.



Көрнекі жарнамаға баспа БАҚ-тағы жарияланымдар, буклеттер, көше қалқандары, плакаттар, парақшалар, күнтізбелер кіреді. Көрнекі жарнама іс жүзінде барлық функцияларды орындай алады - назар аудару, ақпараттандыру, сендіру және ынталандыру. Баспа БАҚ-тағы жарияланымдар ұтымды салаға да, аудиторияның эмоцияларына да жүгінеді. Көрнекі жарнаманың басқа түрлері бар: "жүгіру жолы" тақтасы, әуешарлар, буклеттер, хаттар, түрлі белгішелер.

Деректемелер мен көрнекі ақпараттың мәтіндерін түпнұсқалық аударманы сақтай отырып баяндауға қойылатын талап екі тілде (қазақ және орыс) ұсынылған мәтіндердің мағыналық, мазмұндық сәйкес келмеу фактілерін жоюға бағытталған. Көрнекі ақпаратты ашық кеңістікте және ғимараттарда орналастыруды кәсіпкерлік субъектілері заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдармен тең дәрежеде жүзеге асыра алады.

"Бұл мемлекеттік тілдің көрнекі ақпаратта міндетті түрде қолданылуын, орфография нормаларына сәйкес деректемелер мен көрнекі ақпараттың мәтіндерін баяндауды, сондай - ақ деректемелер мен көрнекі ақпараттың түпнұсқалығын сақтай отырып, олардың мемлекеттік және орыс тілдерінде баяндалуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді", - деп қорытындылады Мәдениет министрлігінің басшысы.

Г. ҚАРАСАЕВА, Астрахан ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы.

МАСТЕР - ЗОЛОТЫЕ РУКИ

Трудовое воспитание предусматривает творческое отношение к учению, труду, жизни. Вырабатывает в учениках стремление оказать посильную помощь близким, готовность принять участие в труде, усиливает ответственность и бережное отношение к чужому труду. Все это учат детей в каждой трудолюбивой семье с детства. Через всю эту школу жизни прошел и наш сегодняшний собеседник, Шалдыкенов Баян Касеинович.

ЧЕЛОВЕК ТРУДА



29.09.1949 года в селе Шиликты Астраханского района, в семье Шалдыкенова Касеина и Ракии родился второй ребенок. Родители выбрали для него красивое имя Баян. Всего в большой семье Шалдыкеновых воспитывалось пятеро детей. Именно в трудолюбивой семье детям с ранних лет прививалась любовь к труду. Живя в селе невозможно было жить без своего подсобного хозяйства. В каждом дворе были и коровы, и бараны, лошади. А живя в поселке на берегу реки, нельзя было обойтись без птицы. Каждый старался помочь роди-

телям по хозяйству. У каждого были свои дела и обязанности. Ухаживать за скотом, кормить кур, гусей и уток. Со всем этим ребята всегда справлялись с легкостью. Никто никогда не ждал, что придет кто-то и сделает работу за него.

В школу мальчик Баян пошел в девять лет. Окончив 8 классов, свой трудовой стаж Баян начал в 1967 году, устроившись в совхоз Новочеркасский в качестве простого рабочего. В 1968 году пошел учиться на механизатора. Наставниками и учителями были опытные механизаторы Капаров

Шалабай и Исабеков Альжан. Желание освоить знания и приобрести опыт работы самостоятельно, аккуратно и в достаточно быстром темпе помогло быстро получить желаемый результат. Брался с удовольствием за любую поручаемую работу, прочнее и увереннее набираясь опыта. Спустя год он уже самостоятельно работает трактористом в одной из полеводческих бригад совхоза. Затем была служба в армии. Служил в городе Алма-Ата в строительном батальоне. По возвращении из армии два года продолжал работать трактористом в совхозе Новочеркасский. Затем был направлен на учебу в автошколу с.Астраханка. Получив водительские права категории В и С, принят водителем в совхоз Новочеркасский. В 1992 году, переведен в родное село Шиликты, водителем. В 1994 году получает возможность открыть свое крестьянское хозяйство КХ «Шалдыкенов». Спустя 6 лет, в 2000 году принят на работу водителем КамАЗа в ТОО «Избасаров и К». Проработав здесь 12 лет, вышел на заслуженный отдых. За весь свой трудовой стаж работы награжден медалью «За трудовые заслуги», «Ударник социалистических соревнований», имеет диплом «Мастер золотые руки», а также множество грамот и похвальных листов за достижения высоких производственных показателей от имени руководства совхоза. В коллективе себя зарекомендовал только с положительной стороны.

Опытный специалист, трудолюбивый сотрудник, отличный семьянин. С супругой воспитали одного сына, есть два внука и внучка и уже подрастает двое правнуков. Выйдя на пенсию, также имеет свое подворье, занимается сенокосом для своего хозяйства. И не зная покоя, продолжает работать.

Хочется от всей души пожелать этому человеку со стальным характером, крепкого здоровья сил и энтузиазма еще на долгие - долгие годы.

Ирина ГОРБАТЕНКО.
Фото автора.

НАШИ ЮБИЛЯРЫ

От всей души сердечно поздравляем с 95-летием Волошину Галину Ульяновну.



Это человек, который отдал своей любимой работе и любимой газете, ранее «Маяк коммунизма», сегодня «Маяк» более тридцати лет своей жизни. Заочно получив высшее педагогическое образование в Павлодаре, Галина Ульяновна стала работать в редакции газеты «Маяк коммунизма». За годы работы приходилось оформлять документацию отдела кадров и принимать для печати правительственные программы. В то время все важные сообщения всегда записывались на слух, и нельзя было никак ошибиться, что-то упустить или указать какую-либо неточность в информации. Но работа всегда приносила радость и удовольствие.

Желаем Вам крепкого здоровья на долгие годы, счастья, благополучия. Родные и близкие пусть всегда будут рядом. Пусть сбываются все ваши мечты и желания. Успехов вам и всего самого наилучшего.

20 АВГУСТА - ДЕНЬ СПОРТА

СПОРТИВНАЯ ДОБЛЕСТЬ РАЙОНА

18 августа в Доме культуры села Астраханка было проведено торжественное награждение и небольшой концерт, посвященный Дню Спорта Республики Казахстан, где ветераны спорта, тренера, учителя физкультуры и спортсмены Астраханского района были награждены благодарственными грамотами и ценными подарками.

От всей души поздравляем спортсменов, тренеров, учителей физкультуры, сотрудников спортивных учреждений и всех, кому не безразличен спорт, с профессиональным праздником!

Спорт — это здоровье, красота, твердость духа и оптимизм. Сегодня можно с уверенностью сказать, что развитие спорта, формирование здорового образа жизни стали важной государственной задачей. Отрадно, что в нашем районе строятся новые современные спортивные сооружения, в которых открываются и работают сотни секций и

кружков, способствующие физическому развитию подрастающего поколения.

Наши спортсмены достойно защищают и представляют спортивную доблесть района, своей активностью и высокими результатами способствуют повышению положительного имиджа республики в мировом сообществе. Мы по праву гордимся достижениями наших спортсменов — участников соревнований различного уровня, радуемся успехам юных, которые принимают эстафету из рук заслуженных мастеров спорта.

Желаем вам и вашим близким крепкого здоровья, благополучия, счастья, новых побед и рекордов, настойчивости и упорства в достижении поставленных целей и спортивного долголетия!

ГУ «Отдел культуры, развития языков, физической культуры и спорта» Астраханского района.

РАЗВИВАЯ ЖИВОТНОВОДСТВО



Еще один проект одобрен и начинает свою деятельность по программе Бизнес Бастау.

Молодой предприниматель Бекжанов Аслан Серикбаевич проживающий в селе Таволжанка Астраханского района, после прохождения обучения основам предпринимательства по Национальному проекту «Бастау Бизнес», подал заявление на получение гранта в рамках Национального проекта по развитию предпринимательства на 2021-2025 годы на развитие животноводства.



После одобрения комиссией данного проекта и получения денежных средств в размере 1 380 000 тенге, Аслан Серикбаевич закупил мелкий рогатый скот в количестве 22-х голов.

На данный момент предприниматель благополучно занимается разведением овец.

И. ВОРОНЦОВ,
специалист КЦ Астраханского района.



ЖҮРГІЗУШІ КУӘЛІГІНЕ ЕМТИХАНДАРДЫ ТАПСЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ ӨЗГЕРДІ

Жүргізуші куәлігіне емтихандарды тапсыру ережелері антикормониторингін кейін өзгертілді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет ІІМ-мен бірлесіп арнайы ХҚКО қызметіне мониторинг жүргізді. Оған себепкер бірнеше жыл бойы көлік құралдарын заңсыз ресімдеумен айналысқан қылмыстық топқа қатысты қылмыстық істер болды.



Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг барысында автокөліктерді заңсыз тіркеу және жүргізуші куәліктерін беру шарттары анықталды. Ақпараттық жүйелердің осалдығы, процестерді жеткіліксіз цифрландыруы, автокөлікті тіркеу рәсімінің жетілдірілмегендігі, емтихандарды қабылдау рәсімінің құқықтық оққылықтары, автомотектептерде атүсті оқыту - осы факторлардың барлығы заңсыз делдалдық қызметтердің пайда болуына ықпал етті.

Мониторинг нәтижелері бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі уәкілетті мемлекеттік органдардың атына 22 ұсыныс жолдады. Қазіргі таңда ұсыныстардың жартысынан көбі орындалды.

Мәселен, ІІМ өзінің барлық аумақтық бөлімшелерінде автокөлік құралдарының дерекқорын түзетуге қолжетімділікті жапты. Сонымен қатар, Ішкі істер министрінің бұйрығымен жүргізуші куәліктерін беру рәсімі күшейтілді. Онда емтихан алушылардың міндетті биометриясы мен тестілеудің барлық процесін бейнетіркеу енгізілді, емтихандарды қайта тапсыру регламенті

өзгертілді.

"Пилоттық режимде арнайы ХҚКО мен ІІМ-де жаңа ақпараттық жүйелер іске қосылды. Жүйеде автомобильдердің деректерінің міндетті төлемдер мен алымдарды, айыппұлдарды автоматты цифрлық салыстыру тетіктері көзделген кез келген түзетулер үшін мүмкіндіктер алынып тасталды.

Сонымен қатар, арнайы ХҚКО қызметкерлерін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық субъектілеріне жатқызу ұсынылды. Заң жобасы ҚР Парламентінде қаралып жатыр. Қабылданып жатқан шараларға қарамастан, мамандандырылған ХҚКО-ларда құжаттарды ресімдеуге көмек ұсынатын тұлғалар әлі де болуы мүмкін. "Көмекшілердің" заңсыз қызметтеріне жүгінбеуіңізді сұраймыз. Егер сіз осындай фактілерге тап болсаңыз, онда Антикорға 1424 қысқа нөмірі бойынша дереу хабарлаңыз", - делінген хабарламада.

Арнайы ХҚКО қызметіндегі сыбайлас жемқорлық факторларын жою Антикоррупциялық қызметтің бақылауында.

БІЛІКТІЛІК

БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ – МҰҒАЛІМ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛІ БОЛУЫ

Мен ауданымыздың «Қаракөл ауылындағы негізгі орта мектебі» КММ бастауыш сынып мұғалімі болып жұмыс істеймін. Білімді шәкірт шығару үшін білім сапалы да саналы түрде берілуі керек. Қызметімнің нәтижелі болуы үшін «Өрлеу» БАҰО» АҚ «Ақмола облысы бойынша Кәсіби даму институтында» тамыз айының 7-18 аралығында «Бастауыш сынып мұғалімдерінің математика, қазақ тілі және әдебиеттік оқу пәндері бойынша пәндік құзыреттіліктерін дамыту» тақырыбында біліктілік арттыру курсынан өттім.

Курстағы жетекшіміз білікті де білімді, нағыз өз ісінің маманы, жан-жақты, заман талабына сай біліктілік дағдыларын бойына сіңірген тренер Аембаева Аяжан болды. Курс басталған күннен бастап бойымда үлкен қуаныш пен сенімділік пайда

болды. Күнделікті қарастырылған тақырыптар өз практикамызда кездесіп жатқан мәселелер болды. Осы мәселелер курс барысында өз шешімін табуға жол сілтеді. Курста өз тәжірибемне қажетті белсенді оқу әдістерін сонымен қатар



күнделікті сабақта қолданылатын Kahoot, Linoit, Flipcity, Learningapps. ord, Wordwall, Jambord сынды платформалармен, интерактивті такталармен жұмыс жасап үйрендім.

Курста өз тәжірибелеріммен бөлісуге тағы бір үлкен мүмкіндік беріліп, «шеберлік сыныбын» өткіздік. Менде «Бөлшектерді жазу және салыстыру» тақырыбында әріптестеріммен өз тәжірибеммен бөлістім. Сабақ соңында әріптестерімнің берген кері байланыстарынан төбем көкке жеткендей болып, өз жұмысыма деген сенімім артты.

Ұстаз – бұл жас ұрпақтың бойына адами, парасатты, ұлттық құндылықтарды дарытатын сәулеткер болғандықтан үнемі ізденіс үстінде болып, біліктілігін арттырып отыру қажет деп білемін. Осындай білімімізді жетілдіру курстарына жіберіп, біліктілігімізді арттыруға ықпал етіп жатқан Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі басшылығына, әдіскерлеріне алғыс айтамын. Сіздерге зор денсаулық, бақыт, береке, отбасыларыңызға амандық тілеймін! Барлық педагогикалық ұжымын жаңа оқу жылының басталуымен құттықтаймын. Жаңа оқу жылымыз толағай табысқа толы жыл болғай деп тілек айтамын.

Асемгүл КАЛИЕВА,
Қаракөл ауылының негізгі орта білім беретін мектебінің бастауыш сынып мұғалімі, педагогика ғылымдарының магистрі.

Әркімнің өз қазығы – адамның өскен ортасы, одан алған жақсы тәрбиесі, рухани құндылықтары, ұлттық салт-санасы, имандылығы бар. Көктегі шоқ жұлдыздар үшін Темірқазық қандай маңызды болса, адамға да жол көрсетіп, жарық шашар діні мен ұлттық дәстүрі сондай маңызды болып табылады. Ұлттық ділі мен діні толыққанды болған жан рухани басқыншылыққа төтеп бере алады. Қазақ қазақ болғалы оның әр заман, әр ғасырлардағы ұлттық мемлекетінің тұғыры Ислам діні негізінде қалыптасқан ұлттық мәдениетіміз бен ұлттық менталитетіміз болып келген. Сол замандардан бастап ұлттық сана-сезімі, салт-дәстүрі, мәдениеті мен әдебиеті асыл дініміздің құндылықтарымен астасып, ажырамай дамыды.

Діні мен дәстүрін бөліп-жармай, бір белдеудің көлемінде ұстануды жөн көрген ата-бабаларымыздың діни дәстүрді қалыптастырғаны тарих беттерінде анық бейнеленген. Ата-бабадан аманат болып жеткен сол дәстүрлердің бір парасы сан ғасырлардан бері ұласып келе жатқан ұғым - ұстанымдар болса, ал басым бөлігі асыл діннің өсерінен пайда болған дағдылар. Расында да белгілі бір қауымның қалыптасуы үшін алдымен ортақ тілі мен діні, тарихы мен салт-дәстүрі, Отаны болуы тиіс. Дін мен ділдің, салт-сана мен шариғи ғұрыптардың өзара астасуы елдің бірлікте, ынтымақта өмір сүруіне негіз қалады. Сондай-ақ, Ислам діні ұлтымыздың бітім-болмысы мен мәдениетінде, дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарында өзіндік із қалдырған. Халқымыздың тұрмыс-тіршілігінде сақталған діни дәстүрлер: сүндеттеу, неке қию, Құрбан айт пен Ораза айт, жарапазан, садақа, пітіртатып, бата беру, тәуіпті кемдеу едісі, тасаттық жасау діни жоралғылардың өміршеңдігін көрсетеді. Сондай-ақ мазарлар мен кесенелер, мешіттер мен медреселер халқымыздың тарихында ұлт руханиятының асыл қазынасы ретінде

ДІН – ДӘСТҮРДІҢ ТАРАЗЫСЫ

ҚОҒАМ ЖӘНЕ ДІН

қасиеттерімізді асқақтатса, салт-дәстүр – ұлт болып қалыптасуымыз үшін қажет. Біз салт-дәстүр дегенде тек қана мәдениәдет-ғұрыптарымызды ғана емес, сонымен бірге ұлттық мінез-құлық қағидаларын, әдептілікпен адамгершілік қағидаттарына айналған моральдық ұстанымдарын, тағылымды тәрбие ұстанымдарын, даналықты, ізгілікті насихаттайтын сан ғасырлық мұраларымызды айтуымызға болады.

қызмет атқарды. Дегенмен осы орайда Кеңес үкіметінің отаршылдық қасиетін естен шығармауымыз қажет. Кеңес үкіметінің зобалаң 70 жылдық қасиеті тек дінімізді ғана емес тілімізді, салт-дәстүріміздің барлығын дерлік жоққылды. Сол кезеңдегі бір Алланың барына сенген халықты атеизм идеологиясымен ұлады. Осының нәтижесінде көптеген салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарымыздың осы кезде тек сарқыншақтары қалды. Бір Алланың қалауымен өз тәуелсіздігімізді алғаннан кейін ұмытылып бара жатқан немесе ұмытылған салт-дәстүрлерімізді қайта жаңғыртар күн туды. Кеуіпқалған арналарға қайтадан су толып, қайтадан дарияға айналып жатқандай күй кешудеміз.

Бірақта әр нәрсенің екі ұшы болады дегендей қазіргі таңда өздерінікін дұрыс санап, басқалардікі қате деп санайтындар баршылық. Осы орайда ардақты Пайғамбарымыз: «Шын мұсылман – тілі мен қолынан ешкімге еш зияны тимейтін адам» – деген. Ал бүгінде жасыратыны жоқ өзін мұсылман-намазанмын деп жүріп, ата-анасына «көпірсің» деп тіл тигізіп, асын ішпей, өз ұлтынан жиіркеніп, ұлттық ғұрыпты харам деп, салт пен сүннетті қағыстырып жүрген

Дін мен дәстүрдің қоғамдағы алатын орны жоғары, ұлттық құндылықтар дұрыс қалыптасу үшін де атқарар маңызы өте зор. Дін – адамдық ізгі қасиеттерімізді асқақтатса, салт-дәстүр – ұлт болып қалыптасуымыз үшін қажет. Біз салт-дәстүр дегенде тек қана мәдениәдет-ғұрыптарымызды ғана емес, сонымен бірге ұлттық мінез-құлық қағидаларын, әдептілікпен адамгершілік қағидаттарына айналған моральдық ұстанымдарын, тағылымды тәрбие ұстанымдарын, даналықты, ізгілікті насихаттайтын сан ғасырлық мұраларымызды айтуымызға болады.



бауырлар бар. Сонымен қоса қыздардың да киім кию формалары, қазақ жігіттерінің сыртқы көріністері де өзгере бастаған.

Мұны әлбетте олардың діни білімсіздігінен деп білгеніміз абзал. Ондайлардың көзқарасына бола Исламға шошына, үрке қарауға болмайды. Ол діннің кемшілігі емес, дінді дұрыс түсінебілмеген, оны даналық пен өміріне ендіре алмаған, дін мен дәстүрді хикметпен қабыстыра түсінбегендердің өз кінәсі. Дін атын жамылған ағымдар елімізде көп. Осынау ағым, секталардың ешқайсысы дұрыс емес, бұрыс екендігі айтылып та, жазылып та жатыр. Бірақ өкінішке орай, біздің қаракөз бауырларымыз әлі де болса солардың еліткеніне еріп, желіктеріне желігіп, шырманынан шыға алмауда. Өз құндылығымызды өзіміз қадірлей білмегеннен, кім болса соның

соңынан еріп, жетегінде еріп, жүребереміз. Сондықтан ұлттық қасиетімізді де бағалай білгеніміз жөн. Жастарға тәрбие беруде дәстүрдің озығы мен тозығы бар демек ші заманталабына сай озық тұстарын ұтымды пайдалану керек.

Дін мен дәстүрді айыруға болмайды. Олар бір тұтас құбылыс. Дін дәстүрдің ішкі мәні-мағынасы болса, дәстүр оның сыртқы келбеті. Мәңгісіз, мағынасыз дәстүр болмайтыны белгілі. Алдағы кезеңдерде жаһандану жағдайында қазақтың болмысын дін мен дәстүрдің сабақтастығы арқылы ғана сақтап қаламыз. Сондықтан, біз дінді айтқанда дәстүрді, дәстүр дегенде дінді айтамыз, екеуін бөліп ажырата алмаймыз. Осыған байланысты, біз ұлттық дәстүріміздің дінге қайшы келмейтіндігін үндестігін көрсетуіміз керек. Сөйтіп, бір жағынан ислам дінін ұстау болса, екінші жағынан ұлттық құндылықтарымызды сақтау, жоғалтпау мәселесі қазір көкейкесті болып отыр. Бұл кейбір біржақты діни ағымдарға тосқауыл қойылудың бір жолы деп есептеймін.

Сонымен қатар ұлттық асыл құндылықтарымызды дәріптей отырып, оны пашету. «Ұлықты басқұр сақтайды, ұлтты дәстүр сақтайды» - дегендей, ата-бабамыздан бері жалғасып келе жатқан дәстүрлі дініміз бен әдет-ғұрыптарымызды қадірлеп, құрметтей білуіміз керек.

«Саясат күнде өзгереді, ал дін – мәңгілік» деп Президентіміз атап өткендей, қанша ғасырлар өтіп, қаншама қоғамдық формациялар өзгерсе де, діни құндылықтар солқүйі қалады да, ұрпақтан-ұрпаққа өзгеріссіз ауысып отырады.

Осындай асыл құндылықтарымызды дұрыс сақтай алсақ қана елдігімізді сақтай аламыз. Сонда ғана егемен еліміз бар деп мақтана аламыз. Мәңгілік ел тек осындай өзіндік қадірімен ғана мәңгілік болмақ деп ойлаймын.

А. ОТАРОВ.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ – ҚОҒАМ ДЕРТІ

Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Заңға сәйкес сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс.



Қоғамда азаматтардың сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарына бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен, азаматтардың білім деңгейінің, әдептілік

ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Сондай-ақ кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарына сәйкес жұмыс жүргізеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдеті түседі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Заң (одан әрі Заң) талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Дерттің алдын алып, қоғамға таралуына жол бермеу үшін барлығымыз бірігіп атсалысып, қарсы жұмылуымыз қажет. Сонда ғана ел мүддесі үшін зор үлес қосатынымыз және халық сенімінен шығатынымыз анық.

Дәнекер ХОЛҒАНАТ,
Өндіріс ауылының жалпы орта білім беретін мектебі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

ЖАППАЙ БІЛІМ АЛУ СӘН БЕ, САЛТ ПА?!

ОЙ-ТАЛҚЫ
Дастархан үстіндегі менің болашағыма қатысты ой-талқы сөз әні-міне тоқтайтын түрі жоқ. Үлкен қаладағы оқу немесе облыс шеңберінде жүріп, жергілікті оқу орындарынан білім алу сынды ата-ана арасындағы талқылау бұл жолы ұзаққа созылды.

– Немене үлкен қаладағы жоғарғы оқу орында білім алғандардың барлығы білімді немесе өнерлі болады деген бе? Дем-түз тартайын десе мәселе білім алғанда емес. Талабы бар бала тасада қалмайды. Өзімізге жақын Көкшетауға немесе Астанаға барып оқысын. Наны жүрген болса шетелсіз ақ нан табады. Біз оқыған да жоқпыз. Мектептің білімінен басқа тұқ те жоқ. Сонда қатарымыздан кем болдық па? Көп сөзді қой, баланы елден жырақ жіберіп, ертең елден отыратын жағдай жоқ, – деген әке таңдауы менің Астана педагогикалық колледжге түсуіме түрткі болды.

Бұл 2006 жылдың жаз айы болатын. Содан не керек, біз де ел қатарлы Астанаға келіп қалдық. А у ы л д ы ң шаңы мен қ а р б а л а с тіршілігінен басқа дым



көрмеген қарадомалақтың үлкен қалада жүріп-тұруының өзі алғашында қиынға соқты. Сонда да оқу немесе өнер деп ұмтылған бала жүрек бұлқынысы ақыры арман тұлпарын ерітпегеніміз, өз мақсатына ұмтылыс жасады. Бұл менің мамандық таңдау мәселесіндегі ең алғашқы есте қалар естеліктерім болатын. Алғашында өнер деп ұмтылсам да тіл мамандығында болашақ бар деп пайымдаған ата-анам педагогикаға бет бұрғызды. Бастысы оқу керек болды. Қатарластарым жан-жаққа кетіп жатқанда ауылда қалу абыройсыздық емей немене еді?! Осылайша мен де көптің бірі болып білім алдым.

Дәл қазіргі сәт те мектеп бітірген түлектер үшін таңдау мүмкіндігі тұрған айрықша кезең екені белгілі. Бірі дәрігер болам десе, енді бірі ұстаз, әнші немесе актер боламын деп әуре-сарсаңға түсуде. Қалай дегенмен қай түлектен сұрасаң да ешкімнің елде қалғысы жоқ. Бұл өзі жаппай науқанға айналып бара жатқан жағдай болып барады. Мамандыққа мен беріп, баланың талабы мен талғамына талас қылып жатқан ешкім жоқ. Біреудің атағы өз саласында аспандап жатса баласын сол биіктен көргісі кеп қиялдайтын ата-ана көп. Сол қиялдың жетегінде жүріп, дизайнер болсам деп армандап жүрген баланы ұстаз немесе дәрігер қылып жіберіп жатқан ата-аналарға қандай өкпе артарсыз?! Тіпті ол баланың оқу оқып, білім алуға қарағанда қазірден кәсіп істеп, өз қиялындағы жобаны жүзеге асыруды көздейтін шығар. Онымен санасып жатқан да ешкім жоқ. Жарайды, бала оқимын десе талабын ескеріп, мүмкіндік жасау жөн шығар. Бірақ елдің баласы өйтті, біз одан кембіз бе деп бақталастыққа бой алдыру арқылы бір оқудың соңына барын шашуға дайын тұратын ата-аналарды естігенде таңқалмасқа шара жоқ. Негізі оқимын деген бала жағдай жасамасаң да оқиды. Ал студенттік өмірдің қиын кездеріне шыдай алмайтын балаға астына көлік мінгізіп, оқуының қасынан үй алып берсең де оқуға құлқы болмауы мүмкін. Міне, біздің айтпағымыз да осы еді. Мәселе білім алуда болса бәрі басқаша болған болар ма еді. Алайда елге көрінгісі келіп көлгірситіндер «құрсын кімнен кембіз, айналдырған бір баланы оқыта алмасақ несіне отырмыз. Ешкімге жалтақтамасын» деп оқуға түскен қаласынан пәтер сатып алып беретін ата-аналар қатары артып келеді. Сөйтіп оқытқан баласы үмітті ақтаса қане?!

Мәселе, біз пәтер жалдап, таңертең бір үзім нанмен шығып, кеш батқанша нәр сызбай жүріп сабақ оқыдық. Білімге бас қойдық деп асыра айтпай-ақ қойайық. Бірақ оқу орнының белгілі бір тәртібіне бағынып, уақыт таңдамай барлық курстарына қатысуға тырыстық. Тойып тамақ ішпеген күндер де болды. Бірақ сол алған дипломның жемісін көріп жатырмыз десек болады. Ал сіздің барды шашып, абыройды асырып оқытқан балаңыз дипломын сандыққа салып қойып, өзі басқа салаға кетсе не болмақ?! Онсыз да ондай жағдайлар қазіргі қоғам өмірінен көптеп орын алуда. Сондықтан баланың болашағы үшін таңдау жасап, кесімді ой айтарда келешегіне де көз тастап қойыңыз. Оқитын бала мектеп кезінен-ақ білімді әрі ізденімпаз болады. Сонысымен де ол үлкен жетістіктерге жетіп, қатарластарынан оқ бойы озық шығады. Әрі қарай білім аламын десе соған күш салу керек. Ал керексіз мамандыққа қинап түсіріп, ертең одан мықты маман шықпаса балаға өкпелеп керегі жоқ. Нан тауып жей алатындай мамандықты орта деңгейлі колледж немесе лицейлер де бере алады. Бастысы баланың талабында. Ақыры оқу керек болса өзіміздің ауданда да колледж бар. Түрлі мамандық бойынша түлектер қабылдайтын оқу орындарының бүгінде басымдық беретін мамандықтары кесіптік мақсатқа негізделген. Осы оқу орнын бітіріп, үлкен жетістіктерге жетіп жатқан жандар көп.

Иә, көксегеніңіз көл-кесір байлық, шексіз абырой-атақ болса оны сізге балаң жасап береді деп айту қиын. Сондықтан баланың ертеңіне бүгіннен бастап инвестиция құйыңыз. Сіздің оқуға түсер уақытта пәленбаймындап шашқын ақшаңыздың ертең қайыры болмауы мүмкін. Қазақта «баланды аясаң – аяма» деген жақсы тәмсіл бар. Түсінген жаңға осы астарлы сөздің астында үлкен мағына жатыр. Кір-қожалақ болса да өзгенің баласы, сіздің креслода отырған балаңыздан артық ақша тауып, үлде мен бүлдеге оранып жүруі мүмкін. Сондықтан балаға білімді байлық болсын деп емес, азық болсын деп беріңіз. Бастысы білімді сатып алып бермеңіз. Өйткені «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы». Мұны мен емес әл-Фараби бабамыз айтқан...

А. ҚАРСАЙ.

ТАБЫСТЫ АРТТЫРУ

ТӘРБИЕШІЛЕРДІҢ ЖАЛАҚЫСЫ ӨСЕДІ

Ұл-қыздың тәрбиесінде мектепке дейінгі білім беру мекемесінің рөлі жоғары. Осы ретте балабақша сапасының талапқа сай болуы, білікті педагогтердің таңдалып алынуы маңызды. Оған қоса балабақша санын көбейтіп, орынның жеткілікті болуын қамтамасыз ету де өзекті. Оқу-ағарту министрлігінің мәліметінше, бүгінгі таңда балабақшаға 3 мыңға жуық бала кезекте тұр.

Балабақшаға қатысты тағы бір мәселе – орын тапшылығы. Оқу-ағарту министрлігі Мектепке дейінгі білім беру департаментінің директоры Наталья Жұмаділдаеваның айтуынша, елімізде 11 320 мектепке дейінгі ұйым жұмыс

мемлекеттік қызметтің ашықтығын қамтамасыз етеді деп санаймыз. Бірыңғай деректер тізілімі құрылады, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық тәуекелдері азаяды. Отбасының тұрмыстық жағдайына байланысты ата-аналардың мектепке дейінгі ұйымды таңдауының жаңа тәсілі пысықталып жатыр, – деді департамент директоры.

Балабақшалардың сандық көрсеткіштері ғана емес, сапасы да аса маңызды. Ол білікті мамандарға тікелей байланысты. Елімізде балабақшада жұмыс істейтін 98 мың педагог бар. Олардың 65 мыңы – жоғары білімді маман. Бұл ретте 21 мыңнан астам педагогтің біліктілігін арттыру көзделген. Сонымен қатар кейінгі төрт жылда тәрбиешілердің жалақысы кезең-кезеңімен 25 пайызға өскен. 2023 жылдың қыркүйегінен бастап жалақы тағы 30 пайызға өседі.



– Білім беру сапасы мұғалімдердің кәсіби құзыреттілік деңгейіне тікелей байланысты. Мемлекет басшысы мектепке дейінгі ұйымдардың педагог мәртебесін, кәсіби әлеуетін және жалақысын арттыру міндетін алға қойды. Биыл мектепке дейінгі ұйымдардың 21 мыңнан астам педагогтің біліктілігін арттыру жоспарланған. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үздік тәжірибелерін тарату үшін 79 ұйымның базасында тұрақты негізде «Құзыреттілік орталықтары» құрылады, – деді Н.Жұмаділдаева.

Мектепке дейінгі білім беру мекемесінің 2023-2024 жылғы оқу жылын ұйымдастыруда ерекше жағдайлар да ескерілген. Мәселен, мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеу

істейді. Онда 950 мыңнан астам бала тәрбиеленіп жатыр. Ұлттық жобаны іске асыру жоспарына сәйкес, 2025 жылға дейін 223 мың жаңа орын ашылады. Бұл мектепке дейінгі білім беру ұйымдары қажеттілігінің 70 пайызын жабуға мүмкіндік береді.

– Жыл басынан бері 29 620 орындық 307 мектепке дейінгі ұйым, оның ішінде 2 818 орындық үш мемлекеттік, 26 802 орындық 304 жекеменшік ұйым ашылды. Кейінгі 5 жылда жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдардың ашылуына байланысты балабақшаға жолдама алу тәртібі екі есе төмендегенін атап өту маңызды, – деді Н.Жұмаділдаева.

Сонымен қатар сыбайлас жемқорлықтың алдын алу үшін балабақша кезегінде тұрғандардың орын алу жүйесін ашық ету де маңызды.

– Бұл – өзекті мәселелердің бірі. Жаңа тетіктер мектепке дейінгі ұйымдарға кезекке тұру және қабылдау бойынша

және оқыту кезінде баланың білім алу қажеттіліктеріне сәйкес, үлгілік оқу, арнайы, жеке/бейімделген білім беру бағдарламалары қолданылады. Сонымен қатар осал отбасылардан шыққан балаларға балабақшаға тегін бару мен тегін тамақтану мүмкіндіктері қарастырылған.

